**"Алматы облысы Іле ауданы Байкент ауылының бас жоспары. Түзету" кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуге арналған**

**электрондық шарт №**

Астана

"Алматы облыстық сәулет және қалақұрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі **«Тапсырыс беруші»** деп аталатын, оның атынан Ереже негізінде әрекет ететін Басшысы МУСЫЛМАНБЕКОВ БОЛАТ АМАНЖОЛОВИЧ, бір тараптан, және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК), бұдан әрі **«Орындаушы»** деп аталатын, оның атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ, өзге тараптан, бұдан әрі **«Тараптар»** деп аталып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабының 3 тармағының 25) тармақшасына сәйкес, 2026 жылғы 26 наурыздан №01-03/01002 өтінім хаты негізінде осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

## 1. Шартта қолданылатын ұғымдар

1.1. Осы Шартта қолданылатын ұғымдарға мынадай түсінік беріледі:

1) **«Портал»** – кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу үшін барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларын ұсынуға арналған бірыңғай портал;

2) **«Жеке кабинет»** – барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуге автоматты түрде өтінімдер беруге, сондайақ Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына арналған Порталдың негізгі модулі.

## 2. Шарттың мәні

2.1. Тапсырыс беруші «Алматы облысы Іле ауданы Байкент ауылының бас жоспары. Түзету». Түзету (бұдан әрі – Құжаттама) кешенді қала құрылысы сараптамасын (бұдан әрі – сараптама жұмыстары) жүргізуді тапсырады, ал Орындаушы өзіне қабылдайды.

2.2. Сараптама жұмыстарын орындау орнын (Шартты орындау орнын) Орындаушы «Мемсараптама» РМК-нің бұйрығына сәйкес белгілейді.

2.3. Төменде көрсетілген құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) техникалық ерешелік (2-қосымша).

2.4. Шарт бойынша сараптама жұмыстары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығымен бекітілген Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – 706-қағидалар) сәйкес жүргізіледі.

## 3. Шарт бағасы және төлем тәртібі

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.1. Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары үшін Тапсырыс беруші Орындаушыға **3 299 817 (үш миллион екі жүз тоқсан тоғыз мың сегіз жүз он жеті) теңге 20 (жиырма) тиын**, оның ішінде ҚҚС 16 % (бұдан әрі – Шарт бағасы) төлеуге міндеттенеді.

Шарт бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығымен бекітілген Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондайақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес белгіленген.

3.2. Шарт аумақтық қазынашылық органында **бюджеттік бағдарлама бойынша** тіркелуге жатады:

002 - Қала құрылысының кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу

015 - Жергілікті бюджет есебінен

159 - Басқа қызметтер мен жұмыстарды төлеу

Тапсырыс беруші Шарттың бағасын Орындаушының есепшотына ақша қаражатын аудару жолымен келесі тәртіппен төлеуге міндетті:

1) шарт аумақтық қазынашылық органында тіркелген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, бірақ қаржыландыру мерзімі аяқталғанға дейін **45 (қырық бес) жұмыс күнінен*** кешіктірмей, қаржыландыру мерзімі аяқталғанға дейін ағымдағы қаржы жылында аумақтық қазынашылық органында шарт бағасының 30% (отыз пайыз) мөлшерінде авансты төлем;

* 706 Қағидалардың 22-тармағына сәйкес белгіленген сараптама жұмыстарын жүргізу мерзіміне тең мерзім көрсетіледі.

2) қалған соманы Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған және Орындаушы орындалған жұмыстардың жалпы сомасын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге шот-фактураны жазып берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жұмыстардың толық көлемде орындалу фактісі бойынша Тапсырыс беруші төлейді.

Төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлем мақсатында міндетті түрде Шарттың нөмірі көрсетіледі.

3.3. Егер Шарт қазынашылықтың аумақтық органында тіркелмесе, Шарт күшіне енбеген болып саналады.

3.4. Шарттың бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

3.5. Орындаушының сараптама жұмыстарын бастау күні Төлеушінің аванс (алдын ала төлем) төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаған күнінен кейінгі күн болып табылады.

## 4. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

### 4.1. Тапсырыс беруші:

1) Құжаттама бойынша сарапшылардың дәлелді ескертпелерін ескертпелер берілген күннен

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

бастап **10 жұмыс күнінен*** аспайтын мерзімде жоюға;

* Мерзімі 706-қағидалардың 23 -тармағына сәйкес белгіленеді.

2) Орындаушының сұратуы бойынша ол көрсеткен мерзімдерде Құжаттама бойынша қажетті материалдар мен ақпаратты ұсынуға;

3) Жеке кабинеттің көмегімен Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарыныңбарысына тұрақты (күнделікті) мониторинг жасауды қамтамасыз етуге;

4) сараптама жұмысының нәтижелерін сараптама қорытындысының тұжырымдарына қарамастан осы Шарттың 6-бөлімінде белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылдауға;

5) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтаған жағдайда сараптама жұмыстарының нәтижелерін Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға. Сараптама жұмыстарының нәтижелерін мерзімінен бұрын қабылдаудан бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайда жол беріледі;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Шарт талаптарынан туындайтын өзге міндеттемелерді орындауға міндетті.

**4.2.Тапсырыс берушінің:**

1) Орындаушыдан осы Шартқа сәйкес міндеттемелерін адал және тиісінше орындауын талап етуге;

2) Орындаушыға орындалған сараптама жұмысындағы кемшіліктерді жою бойынша талап қоюға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге әрекеттерді жасауға құқығы бар.

**4.3. Орындаушы:**

1) 706-қағидаларда белгіленген тәртіппен сараптама жұмыстарын жүргізуге;

2) Құжаттама бойынша сарпапшылардың дәлелді ескертпелерін сараптама жұмысы басталған күннен бастап **20 жұмыс күнінен*** аспайтын мерзімде беруге;

* Мерзімі 706-қағидалардың 23-тармағына сәйкес белгіленеді.

3) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізуге және сараптама жұмысы басталған күннен бастап **45 жұмыс күнінен*** аспайтын мерзімде сараптама қорытындысын беруге;

*Мерзімі 706-қағидалардың 22-тармағына сәйкес белгіленеді.

4) Қаралатын құжаттама бойынша құпиялылықты сақтауға және коммерциялыққұпияны қамтамасыз етуге;

5) Тапсырыс берушіге сараптама нәтижелерін осы Шарттың 6-бөлімінде белгіленген тәртіппен және мерзімде қарау және қабылдау үшін ұсынуға; 6) сараптама жұмыстарының нәтижелері бойынша:

6) қаралған Құжаттаманы іске асыру үшін бекітуге ұсынумен оң сараптама қорытындысын;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

немесе Құжаттаманың бастапқы құжаттарда (материалдарда, деректерде) және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерде белгіленген талаптарға, шарттарға немесе шектеулерге сәйкессіздігі анықталған кезде немесе сарапшылардың уәжделген ескертулері Шартта белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда теріс сараптама қорытындысын беру;

7) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізгеннен кейін, оң сараптама қорытындысы берілген жағдайда, Құжаттаманың тиісті тарауларына (бөлімдеріне) жауапты сарапшылардың электрондық-цифрлық қолтаңбасын қойып куәландыруға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және осы Шарт талаптарынан туындайтын өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

**4.4. Орындаушының:**

1) Тапсырыс берушіден және Құжаттаманы әзірлеушіден қажетті материалдармен ақпаратты сұрату және алу;

2) Тапсырыс беруші сараптама қорытындысының тұжырымдарында айтылғаншарттарды (талаптарды) орындамаған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген өзге де жағдайларда бұрын берілген оң қорытындыларды кері қайтарып алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге әрекеттер жасауғақұқығы бар.

## 5. Кепілдіктер

5.1. Тапсырыс беруші Құжаттаманы әзірлеуге негіз болып табылатын бастапқы құжаттарда қамтылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік береді.

Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жоғарыда көрсетілген кепілдік бойынша толық жауапты болады.

## 6. Жұмыстарды қабылдау және тапсыру тәртібі

6.1. Орындаушы сараптама қорытындысына тіркеу нөмірін берген күні Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын аяқтау күні болып табылады.

6.2. Осы Шарт бойынша сараптама нәтижелерін қарау және қабылдау Тапсырыс берушінің сараптама жұмыстарының қабылданғанын куәландыратын сараптама қорытындысының тіркеу нөмірі мен күнін көрсете отырып хабарлама алуы болып табылады. Хабарламаны Орындаушы Тапсырыс берушінің Жеке кабинетінде орналастырады.

Хабарламада орындалған сараптама жұмыстарындағы кемшіліктерді жою бойынша кейіннен талап қою мүмкіндігі міндетті түрде көрсетіледі.

6.3. Орындаушы Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын аяқтағаннан кейін Жеке кабинетте орындалған жұмыстардың электрондық актісін және қолданыстағы заңнамаға сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактураны ресімдейді.

6.4. Тапсырыс беруші және Төлеуші Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша ақпаратты орындалған жұмыстардың

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

электрондық актісінде толтыруға және оған Жеке кабинетте электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қоюға міндетті.

6.5. Сараптама жұмыстарының аяқталу мерзімі келесі қаржы жылына белгіленген шарттар бойынша, Тараптар орындалған жұмыстардың аралық электрондық актісіне ағымдағы қаржы жылында қол қояды.

6.6. Сараптама қорытындысын беру Тараптар мемлекеттік сатып алу вебпорталында орындалған жұмыстардың электрондық актісіне қол қойғаннан кейін Портал арқылы жүзеге асырылады.

## 7. Шартты бұзу

7.1. Қала құрылысы сараптамасын жүргізу барысында Орындаушының сараптама қорытындысын одан әрі ресімдеу және беру, сондай-ақ Тапсырыс берушінің алу қажеттілігі болмай қалған мән-жайлар туындаған жағдайларда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Тапсырыс берушінің мұндай шешімінің негізділігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сараптама жұмыстарын тоқтату қажеттілігі туралы ресми өтініш жібереді.

7.2. Тапсырыс беруші:

жобалау тапсырмасында;

бастапқы құжаттарда (материалдар, деректер);

қаланы дамыту тұжырымдамасының немесе елді мекендердің әкімшілікаумақтық бағыныстылығының не қала құрылысын реттеу аумағының шекараларының өзгеруіне байланысты, жергілікті атқарушы органның қала құрылысы регламенттерінің шарттары мен талаптарында негізделген өзгерістер болған; негіздеуші құжаттарды қоса бере отырып, Тапсырыс беруші Құжаттамадан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайларда (жеке не жиынтығында) Орындаушыға сараптама жұмыстарын тоқтату қажеттілігі туралы ресми өтініш жібереді.

7.3. Тапсырыс берушінің растайтын құжаттары қоса берілген сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы өтініші тіркелгеннен кейін Орындаушы сараптама жұмыстарын тоқтатады және Тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен шартты бұзуды ресімдейді. Бұл ретте Орындаушы орындалған жұмыстардың актісін жасайды және Тапсырыс беруші Шартты бұзған кезде толық көлемде төлеуге міндетті олардың құнын айқындайды.

7.4. Тапсырыс берушінің растайтын құжаттары қоса беріле отырып, сараптама жұмыстарын тоқтату қажеттілігі туралы ресми өтініші сарапшылардың ескертулерге берілген жауаптарды қарауы және Құжаттаманың тиісті бөлімдерінің қорытынды бағасы үшін белгіленген мерзімдерде ұсынылған жағдайда, Шарт жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша бұзылуға жатпайды және Орындаушы шарттық міндеттемелерді орындауды аяқтайды.

7.5. Орындаушы сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың актілерін, сондай-ақ Құжаттаманың бастапқы құжаттарының дұрыс еместігін, олардың өзгертілгенін немесе жойылғанын растайтын сот шешімдерін алған кезде Орындаушы мұндай шешімді негіздей отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзады.

7.6. Шарттың 7.5-тармағында көрсетілген жағдайларда Орындаушы тиісті құжаттарды ресми алған күннен бастап Шарт бойынша сараптама жұмыстарын тоқтатады, сараптама жұмыстары

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тоқтаған кезде орындалған жұмыстардың актісін жасайды және Тапсырыс берушіге растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Орындаушы Шартты бұзу туралы хабарлама жіберген күннен бастап Шарт бұзылған болып есептеледі.

Тапсырыс беруші Шартты бұзу туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы орындалған жұмыстардың актісіне қол қоюға және Шарт бойынша бұрын төленген ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда Орындаушы орындаған жұмыстардың толық құнына Шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ақы төлеуге міндетті.

Тапсырыс беруші көрсетілген 5 күн мерзім өткеннен кейін орындалған жұмыстар актісіне қол қоймаған жағдайда орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі.

7.7. Осы Шарттың 7.5-тармағында көрсетілген, Құжаттаманы әзірлеу немесе сараптама жұмыстарын жүргізу кезеңінде орын алған фактілерді ұсынған кезде Орындаушы Құжаттама бойынша бұрын берілген оң сараптама қорытындысын кері қайтарып алады.

7.8. Осы Шартта белгіленген мерзімдерде Құжаттама бойынша сарапшылардың ескертулерін жоймау Құжаттаманы одан әрі қараусыз теріс сараптама қорытындысын беру үшін негіз болып табылады.

## 8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Тапсырыс беруші Орындаушыдан оның кінәсінен жол берілген Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарының мерзімін бұзғаны үшін, міндеттемелерді толық орындаған кезге дейін мерзімін өткізген әрбір күн үшін орындамаған немесе тиісінше орындамаған міндеттемелер сомасынан 0,1%, бірақ Шарт бағасының 10%нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімақы) өндіртіп алуға құқылы.

8.2. Тапсырыс берушінің орындалған сараптама жұмыстары үшін түпкілікті төлем бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Орындаушы міндеттемелерді толық орындаған кезге дейін мерзімін өткізген әрбір күн үшін орындамаған немесе тиісінше орындамаған міндеттемелер сомасынан 0,1%, бірақ Шарт бағасының 10%нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімақы) өндіртіп алуға құқылы.

8.3. Тұрақсыздық айыбын (өсімақы) төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

8.4. Тапсырыс берушінің Жеке кабинеттің көмегімен сараптама жұмыстарының барысына тұрақты (күнделікті) мониторинг жасау міндеттемесін орындамауы, сондай-ақ оны уақытында орындамауы оны Шарт бойынша міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

## 9. Форс-мажор

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау тежеусіз күш жағдаяттарының, яғни, осы жағдаяттар кезіндегі төтенше және шарасыз жағдайлар – табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар салдарынан мүмкін болмаса, Портал және электрондық ақпараттық жүйе техникалық себептермен қол жетімсіз болған жағдайда Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Бұл ретте форс-мажор жағдаяттарына сілтеме жасаушы Тарап Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау форс-мажор жағдаяттарының салдарынан мүмкін болмағанын және ол Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қабылдағанын дәлелдеуі тиіс.

9.2. Егер Тапсырыс беруші немесе Орындаушы бақылай алмайтын форс-мажор жағдаяттары Шарттың орындалуын бұзса, Тараптар Шартты тоқтатуды жазбаша түрде куәландырады.

9.3. Егер Шарттың 9.1-тармағында көрсетілген жағдаяттар 1 (бір) айдан артық уақытқа созылса, Тараптар Шартты орындауды тоқтатады және Шарт бұзылуға жатады. Бұл ретте, Орындаушыға Шарт бойынша ол нақты орындаған жұмыс құнын төлеу жүргізіледі.

## 10. Дауларды шешу тәртібі

10.1. Тараптар олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барынша күш салуға тиіс.

10.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені Орындаушының орналасқан жері бойынша сотқа жүгіне алады.

## 11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

11.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісінде ынтымақтастық жасауға жауапкершілік алады.

11.2. Осы Шарттың 11.1-тармағын орындау мақсатында, Тараптар өздеріне:

1) сыбайлас жемқорлық жағдайларын туғызатын құқық бұзушылықтарды, құқыққа қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуына байланысты сыйбайлас жемқорлық жасағанмен бірдей болатын құқық бұзушылықтар жасамауға;

2) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шаралар қабылдауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметті дереу хабарлауға міндеттеме алады.

## 12. Қорытынды ережелер

12.1. Шарт бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

12.2. Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркегеннен кейін күшіне енеді.

**Шарт 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.**

12.3. Тараптар бір-біріне Шартты өзгертуге немесе бұзуға байланысты жіберетін хабарламалар осы Шарттың 13-тарауында көрсетілген Тараптардың электрондық мекенжайлары және (немесе) олардың орналасқан мекенжайлары бойынша жіберілуі тиіс.

Егер хабарлама осы Шарттың 13-тарауында көрсетілген Тараптардың электрондық мекенжайына және (немесе) орналасқан жерінің мекенжайына жіберілсе, хабарламаны адресат алған болып есептеледі.

12.4. Осы Шарттың 13-тарауында көрсетілген қандай да бір Тараптың электрондық пошта мекенжайы немесе орналасқан жерінің мекенжайы, сондай-ақ банктік және өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап осындай өзгерістер болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге және Келісімге тиісті өзгерістер енгізуге міндетті. Болмаған жағдайда, Тарап кейіннен осы Шартқа сәйкес жіберілген тиісті хабарды немесе хабарламаны алмағанына сілтеме жасау құқығынан айырылады және Тараптардың ескі мекенжайлар, банктік деректемелер бойынша міндеттемелерді орындауы тиісті және тиісінше деп есептеледі.

12.5. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасалатындай нысанда жасалады.

12.6. Шартта реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## 13. Тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері

| Тапсырыс беруші | Орындаушы |
|---|---|
| «Алматы облыстық сәулет және қалақұрылыс басқармасы мемлекеттік мекемесі»<br><br>Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13 ғимарат<br><br>Индекс: 040800<br>БСН/ЖСН: 020140003269<br>Банк: "ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті" РММ<br>КБК: 12<br>ЖСК: KZ93070102KSN0901000<br>БСК: KKMFKZ2A<br><br>Электрондық пошта: oblgenplan@mail.ru<br><br>Телефон: +7(777)-818-40-60 | «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)»<br>Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Күлтөбе тұйық көшесі, 7 ғимарат<br><br>Индекс: 010000<br>БСН/ЖСН: 000540000235<br>Банк: "Қазақстан Халық Банкі "АҚ<br>КБК: 16 s ЖСК: KZ186010111000134259<br>БСК: HSBKKZKX<br>Электрондық пошта: gosexpertiza@gosexpertiza.kz Телефон: +7(717)-257-44-84 ; +7(717)-257-42-36 (есеп бөлімі) ; +7(717)-223-56-97 (жоспарлау-шарт бөлімі)<br>Төлемді тағайындау коды: 859 |

| Тапсырыс беруші: | |
|---|---|
| МУСЫЛМАНБЕКОВ БОЛАТ АМАНЖОЛОВИЧ | КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ |

№ Шартқа № 2 қосымша Приложение № 2 к Договору № от

**Техникалық ерекшелік / Техническая спецификация**

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

| № | Атауы (қысқаша сипаттамасы) Наименование (краткая характеристи | Өлшем бірлігі / Ед./изм. ка) | Саны / кол- во | ҚҚС есепке алғанда бірлік үшін бағасы, теңге / Цена за единицу, тенге с учетом НДС | ҚҚС есепке алғанда жалпы сомасы, теңге / Общая сумма, с учетом НДС, тенге |
|---|---|---|---|---|---|

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ЖЖ(ТЭН,Ж) ведомстводан тыс кешенді сараптамасы бойынша сараптама жұмыстары / Экспертные работы по комплексной вневедомственной экспертизе РП(ТЭО,П) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңаларын салуға, сондай-ақ бұрыннан бар үйлер мен ғимараттарды олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын өзгертуге (реконструкциялауға кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыр жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық- экономикалы негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамасы ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу / проведение комплексной вневедомственной экспертизы в соответствии с Правилами проведения комплексной вневедомственной экспертизы технико-экономически обоснований и проектно- сметной документации предназначенной для строительства новых, а также изменения (реконструкции расширения, технического перевооружения модернизации и капитального ремонта) существующих зданий и сооружений, их комплексов, инженерных и транспортных коммуникации независимо от источников финансирования утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 1 апреля 2015 года № 299 | жұмыс / работа | 1 | 3299817.2 | 3299817.2 |
| Барлығы / Итого | | | | | 3299817.2 |

Тапсырыс беруші / Заказчик: Орындаушы / Исполнитель:

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

| | |
|---|---|
| "Алматы облыстық сәулет және қалақұрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) |
| МУСЫЛМАНБЕКОВ БОЛАТ АМАНЖОЛОВИЧ | КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ |

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

| Лоттың № | Тапсырыс беруші атауы | Атауы | Қысқа сипаттама | Қосымша сипаттама | Өлшем бірлік | Саны, көлемі | Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге | Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Жеткізу орндар | Аванс төлемінің мөлшері %, % | Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| **002-015-159** : Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу | | | | | | "Алматы облысы Іле ауданы Байкент ауылының бас жоспары. Түзету" қалақұрылысы сараптамасын жүргізу | | | | | | |
| | "Алматы облыстық сәулет және қалақұрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Сараптама / сынаулар / тестілеу өткізу бойынша жұмыстар | Сараптау/саралау/сынау жұмыстарын өткізу | Алматы облысы Іле ауданы Байкент ауылының бас жоспары. Түзету | Жұмыс | 1 | 3 299 817.20 | Сараптама жұмысы басталған күннен бастап 45 жұмыс күні | Сараптама жұмысы басталған күннен бастап 45 жұмыс күні | Алматы облысы, Қонаев қ. Алматы облысы, Қонаев қ., Индустриальная 16/4 (1) | 30 | 3 299 817.20 |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

**Электронный договор №**

**на проведение комплексной градостроительной экспертизы "Генеральный план села Байкент Илийского района Алматинской области. Корректировка"**

Астана

Государственное учреждение "Управление архитектуры и градостроительства Алматинской области", именуемое в дальнейшем **«Заказчик»**, от имени которого выступает Руководитель МУСЫЛМАНБЕКОВ БОЛАТ АМАНЖОЛОВИЧ, действующий на основании Положения, с одной стороны, и Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (РГП "Госэкспертиза"), именуемое в дальнейшем **«Исполнитель»**, от имени которого выступает Генеральный Директор КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ, действующий на основании Устава с другой стороны, совместно именуемые как

**«Стороны»**, в соответствии с подпунктом 25) пункта 3 статьи 16 Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках», на основании письма Заявки от 26 марта 2026 года №01-03/01002 заключили настоящий договор (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

## 1. Понятия, используемые в Договоре

1.1. В данном Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование:

1) «Портал» – единый портал для предоставления градостроительных проектов всех уровней для проведения комплексной градостроительной экспертизы;

2) **«Личный кабинет»** – основной модуль Портала предназначен для автоматизированной подачи заявок для проведения комплексной градостроительной экспертизы градостроительных проектов всех уровней, а также исполнения Сторонами обязательств по Договору.

## 2. Предмет Договора

2.1. Заказчик поручает, а Исполнитель принимает на себя проведение комплексной градостроительной экспертизы (далее – экспертные работы) "Генеральный план села Байкент Илийского района Алматинской области. Корректировка". Корректировка (далее – Документация).

